

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Т.Басенов атындағы сәулет, құрылыс және энергетика институты

Инженерлік жүйелер және желілер кафедрасы

Ибраимов Айдар Серикулы

Қызылорда облысы, Шиелі ауылын шаруашылық – ауыз сумен
қамтамасыз ету жобасы

Дипломдық жобаға
ТҮСІНДІРМЕЛІК ЖАЗБА

5В080500 – Су ресурстары және суды пайдалану

Алматы 2019

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ


Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Т. Басенов атындағы сәулет, құрылыс және энергетика институты

Инженерлік жүйелер және желілер кафедрасы

ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ

Инженерлік жүйелер және
желілер кафедрa менгерушісі
техн. ғылым канд., асоц. проф.


Алимова К.К.
“17” 05 2019ж.

Дипломдық жобаға
ТҮСІНДІРМЕЛІК ЖАЗБА


Тақырыбы: “Қызылорда облысы, Шиелі ауылын шаруашылық-ауыз сумен
камтамасыз ету жобасы”

Мамандығы 5В080500 - Су ресурстары және суды пайдалану

Орындаған

Ибраимов А.С.

Ғылыми жетекші
PhD докторы, лектор


Көлдеева Э.М.
“17” 05 2019 ж.

Алматы 2019

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Т.Басенов атындағы сәулет құрылыс және энергетика институты

Инженерлік жүйелер және желілер кафедрасы

5В080500 – Су ресурстары және суды пайдалану

БЕКІТЕМІН

Инженерлік жүйелер және
желілер кафедрасы меңгерушісі
техн. ғылым. канд., асоц. проф.
Алимова К.К.
Алимова К.К.
“10” 02 2019ж.

**Диплом жоба орындауға
ТАПСЫРМА**

Білім алушы *Ибраимов Айдар Серикұлы*

Тақырыбы: *Қызылорда облысы, Шиелі ауылын шаруашылық-ауыз сумен қамтамасыз ету жобасы*

Университет Ректорының 2019 жылғы "01" қаңтар № 1912-б бұйрығымен бекітілген

Аяқталған жұмысты тапсыру мерзімі 2019 жылғы "30" сәуір

Дипломдық жұмыстың бастапқы берілістері: *Фондылық мәліметтерден жиналған, дипломға дейінгі өндірістік практикадан жиналған материалдар Алматы Су Холдингінен алынды.*

Дипломдық жұмыста қарастырылатын мәселелер тізімі

а) Негізгі бөлім

б) Технологиялық бөлім

в) Техникалық-экономикалық көрсеткіштер

Сызба материалдар тізімі (міндетті сызбалар дәл көрсетілуі тиіс)

Сызба материалдарының 5 слайдта көрсетілген

Ұсынылған негізгі әдебиет 19 атаудан

1 Абрамов Н. Н. Водоснабжение – 3-е издание. М.: Стройиздат, 1982 -440с.

2 Абрамов Н.Н. Пospelова М.М., Сомов М.А. Расчет водопроводных сетей. М.: Стройиздат 1976 -306б.

Дипломдық жобаны дайындау
КЕСТЕСІ

Бөлімдер атауы, қарастырылатын мәселелер тізімі	Ғылыми жетекші мен кеңесшілерге көрсету мерзімдері	Ескерту
Негізгі бөлім	12.02.19ж.- 30.03.19ж.	<i>Орындалған</i>
Технологиялық бөлім	01.04.19ж.- 16.04.19ж.	<i>Орындалған</i>
Техникалық-экономикалық көрсеткіштер	16.04.19ж. - 30.04.19ж.	<i>Орындалған</i>

Дипломдық жоба бөлімдерінің кеңесшілері мен норма бақылаушының
аяқталған жобаға қойған

Қолтаңбалары

Бөлімдер атауы	Кеңесшілер, аты, әкесінің аты, тегі (ғылыми дәрежесі, атағы)	Қол қойылған күні	Қолы
Негізгі бөлім	Э.М.Көлдеева PhD докторы, лектор	16.05.19	<i>[Signature]</i>
Технологиялық бөлім	Э.М.Көлдеева PhD докторы, лектор	16.05.19	<i>[Signature]</i>
Техникалық- экономикалық көрсеткіштер	Э.М.Көлдеева PhD докторы, лектор	16.05.19	<i>[Signature]</i>
Нормалық бақылаушы	Э.М.Көлдеева PhD докторы, лектор	16.05.19	<i>[Signature]</i>

Ғылыми жетекші

[Signature]
[Signature]

Көлдеева Э.М.

Тапсырманы орындауға алған білім алушы

Ибраимов А.С.

Күні

" 12 " армаң 2019 ж.

АҢДАТПА

Дипломдық жобада Қызылорда облысы Шиелі ауданы, Шиелі елді мекенін сумен жабдықтау жүйесін жобалау.

Дипломдық жобада су тұтыну мөлшері және қажетті су мөлшері анықталған, су құбыры тораптарының гидравликасының есептері жүргізілген, ұңғыманың есептері орындалған, арынды және реттеуші құрылымдардың көлемдері анықталған, судың сапасын жақсарту құрылымдарының технологиялық есептері келтірілген, суды пайдалану шаралары орындалған.

Сонымен қатар қоршаған ортаны қорғау, тіршілік қауіпсіздігі орындалған, сумен қамтамасыз ету жүйесінің құны анықталған.

Дипломдық жобада 30 бет жоба және 5 қағаз сызу материалдары орындалған.

АННОТАЦИЯ

Тема дипломной Проектирование водоснабжение сельского округа Шиели района Кызылординской области.

Данная дипломная работа состоит из Технологической части:

Характеристика состояния водоснабжения, сельского округа Шиели природо-хозяйственные условия, определен режим водопотребления; обоснована и выбрана система и схема водоснабжения, водопроводная сеть и водопроводы, метод обработки воды, водозаборное сооружение и зона санитарной охраны. Дана экологическая оценка объекта, предусмотрены меры по безопасности жизнедеятельности охране труда, рассчитана экологическая эффективность предлагаемой системы водоснабжения.

Записка дипломной работы состоит из 30 страниц.

Часть включает в себя 5 чертежей.

ANNOTATION

Theme of degree Proektirvoniye water supply of rural district Shieli of area.

The given thesis consists of the Technological part:

The characteristic of a condition of water supply, rural district Shieli priirodo-economic conditions, the water consumption mode is defined; the system and the water supply scheme, a water supply system and waterpipes, a method of processing of water, a water intaking construction and a zone of sanitary protection is proved and chosen. The ecological estimation of object is given, measures on health and safety to a labor safety, ecological efficiency of offered system of water supply are provided. Note consists of pages. Includes 5 drawings.

МАЗМҰНЫ

	Кіріспе	7
1	Жобалау ауданының табиғи-климаттық сипаттамасы	8
1.1	Сумен қамтамасыз ететін нысанның сипаттамасы	8
1.2	Табиғи шарттары	8
1.3	Климаты	8
1.4	Инженерлік – геологиялық шарттар	9
1.5	Қазіргі жағдайы	9
1.6	Бас жоба	10
2	Технологиялық бөлім	12
2.1	Су құбырының желілері	12
2.2	Құбыр материалы	12
2.3	Желінің гидравликалық есепке дайындау	12
2.4	Жол шығынының есебі	12
2.5	Экономикалық факторын ескере отырып құбыр диаметрлерін таңдау	13
2.6	Елді мекеннің су құбырлары желісінің гидравликалық есептеулері	13
2.7	Құбырларды жатқызу тереңдігі	14
2.8	Су құбырлары торабының арматуралары мен құдықтары	14
2.9	Су ағыны мұнарасының реттегіш көлемін анықтау	14
2.10	Таза су сақтау қорының сиымдылығын анықтау	15
2.11	Арынды су мұнараларының биіктігі мен 2 – көтерімдегі өрт сөндіру су сорғыштарының арынын анықтау	15
2.12	Сорғыш бекеті	16
2.13	Су қабылдағыш құрылыстар	17
2.14	Тікөзектегі су қабылдағыштың төмендеу есебі	17
2.15	Барлау – қолданыстағы тікөзектердің құрылымы және өндіріс жұмысының методикасы	18
2.16	Тіршілік қауіпсіздігі және еңбек қорғау	20
2.17	Объектілердің жұмыс тұрақтылығы негіздері	21
3	Техникалық-экономикалық көрсеткіштер	23
3.1	Шығарылған шығындардың есебі	24
3.2	Электрэнергияның бағасы	24
3.3	Пайдалану шығындарын анықтау	25
3.3.1	Сумен қамтамасыз ету жүйесінде жұмыс істейтін қызметкерлердің еңбек ақысы	25
3.3.2	Амортизация және күнделікті жөндеу шығындары	26
3.4	Судың өзіндік құнын анықтау	26
	Қорытынды	28
	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	29
	Қосымшалар	30

КІРІСПЕ

Соңғы жылдары үкімет басшыларының назары халықтың әл – ауқатын жақсарту жолдарына бағытталған. Бұндай жұмыстардың ең негізгі жетекші жолдарының бірі ол – өмір сүру деңгейін көтеру, тұрғын үй мәселесін шешу, халықтың коммуналды жағдайын жақсарту үшін барлық керектімен қамтамасыз ету болып табылады. Сондықтан қазіргі кезде халықтың коммуналды жағдайын жақсарту мақсатында көптеген нақты жобалар жасалынууда. Ол адамның қай жерде тұратындығына байланысты емес.

Негізгі жоба осы бағдарламаның дәлелдемесі болып табылады. Ауыл шаруашылығы қарапайым халықтың тұрмыс жағдайын жақсарту үшін негізгі шешімі болған, болып қала бермек. Бірақ қазіргі кезде ауыл тұрғындары жұмыс жүргізуге қолайлы жағдай туғызу үшін барлық коммуналдық қызметтер мен қамтамасыз етуді көп талап етуде. Ең бастысы бұл ауыл тұрғындарын жеткілікті көлемде сумен қамтамасыз ету болып табылады. Тұтынушылардың табиғи суды қолдануы басты тапсырмалардың бірі болып табылады және табиғи ауыз су жағынан дұрыс инженерлік талаптар мен шешімдерді талап етеді және де бұл шешімнің соңғы дүние жүзі көлеміндегі материалдық ресурстарды қолдануға алып келеді. Жоғарыда айтылғандай ең дұрыс шешім – қоректенушілерді сумен қамтамасыз ету, сумен жабдықтау көзін тиімді пайдалануға да әсерін тигізеді, және болашақ ұрпаққа жер беті және жер асты суының қорын сақтауға мүмкіндік береді. Бұл алғашқы жолдардың бірі болып табылады. Дүние жүзінде өмір сүріп жүрген әр-бір адам тек өмірдің бір минутымен өмір сүрмей болашаққа көз сала жүру керек.

Біздің еліміздің құрылғанынан бастап – ақ партиялармен үкімет табиғатты қорғау тапсырмасына көптеген шаралар мен шешеімдер қабылдаған болатын, соның ішінде табиғи ауыз су қорын сақтауға ерекше көңіл бөлінген.

Жерасты суы халықты суды тазартуға артық шығын кетірместен сапалы сумен қоректендіру көзінің ең бастысы болып табылады. Қазіргі кезде еліміздің қалалары мен ауылдарының 60 пайыз толықтай осы жерасты суымен қамтамасыз етіліп келуде. Сондықтан мұнда жоба құрастыруда қате жіберуге болмайды. Жер асты суымен қоректену жылдан жылға өсіп келуде. Бұл жоба Қызыорда облысы Шиелі ауданы Шиелі ауылын сумен жабдықтауға арналған. Тапсырма бойынша қоректенетін сукөлемі шамамен 230 л/с. Гидравликалық талдауы және қорғаудағы су құбырларының мәліметтері бойынша бұндай көлемдегі суды тек бірқұбырдан алуға болады.

1 Жобалау ауданының табиғи – климаттық сипаттамасы

1.1 Сумен қамтамасыз ететін нысанның сипаттамасы

Қызылорда облысы Шиелі елді мекенінің су құбыр торабы пайдалануға 1976 жылы енгізілген. Қазігі уақытта су құбыры торабының біраз бөлігі бұзылған және елді мекенді толығымен сумен қамтамасыз ете алмайды. Шиелі елді мекенінің халық саны – 22300 мың адам. Тұрғын үйлердің саны – 2485. Сонымен қатар жаңа жеке тұрғын үйлер салынуда.

Елді мекенде тұрғындарға қызмет көрсету үшін ауыл аймағында 1500 орындық мектеп, 240 орындық бала - бақша, әкімшілік үйі, 120 адамдық монша, тұрмыс орталығы, байланыс бөлімі, дүкен және дәрігерлік-амбулаториялық пункт бар.

Барлық қоғамдық және өндірістік ғимараттар су құбырымен, нәріз жүйесімен және электр энергиясымен қамтамасыз етілген.

Аталған елді мекенде бірнеше өндірістік мекемелер бар, олар: наубайхана, мини-диірмен, қырман, астық қамбасы, автогараж, жанар - май базасы.

1.2 Табиғи шарттары

Әкімшілік қатынасқа байланысты қарастырылып отырған нысан, Шиелі ауылы Қызылорда облысы Шиелі ауданында орналасқан. Ауданның облыс орталығы Қызылорда қаласымен 128 км қашықтықта.

Ауданның территориясы ықшамды, аудан арасындағы тасымалдау байланысы қара жамылғылы көлік жолдарының дамыған торабтары арқылы іске асады. Аудан орталығы Қызылорда қаласы ауданның барлық елді мекендері мен көлік жолдарымен байланысады.

Құрылыс ауданының теритроиясы Шиелі ауданының оңтүстігінде ашық жазық - жайпақ толқынды, магистральды және суландыратын каналдардың жырымдалған торабтары бар.

1.3 Климаты

Аудан климатының сипаттамасы елді мекеннің шаруашылығы ауа – райы бекетінің мәліметтері бойынша жасалған.

Ең суық қаңтар айының температурасының жалпы айлық орташа көрсеткіші минус 2,6⁰С құрайды, ал ең ыстық шілде айының

температурасының жалпы айлық орташа көрсеткіші плюс 28,4 °С. Ауа – райының абсолют жоғары температурасы плюс 44 °С , абсолют төмен температурасы минус 30 °С. Тәулігіне ауа – райы 0°С температура сақталатынын 1 жылдағы күндер саны – 170, ҚНжәнеЕ сәйкес жобаландырылған массивті қоршау үшін жылыту бөлмелерін құрастыру үшін жалпы қысқы температурасының көрсеткіші минус 22 °С – деп алынған. Жылыту жиілігі 157 – тәулікке созылады.

1.4 Инженерлік – геологиялық шарттар

Суаттық трассаның және су құбырлы құрылымдардың инженерлі - геологиялық шарттары біркелкі. Трасса және алаңшалар аллювиальді - пролювиальді жоғарғы – төрттік саз бен құмнан құралған тау жынысынан және құмдақтан қалыптасқан.

Жер асты сулары 50 м тереңдікте жатады. Режимдік бақылаулардың мәліметтері бойынша жер асты суларының деңгейінің көтерілуі жалтоқсан – қаңтар айларында басталады, ең жоғарғы деңгейге наурыз – сәуір айларында барады, содан соң деңгей аз ғана төмендейді және тағы да деңгей жоғарылайды, шілде - тамыз айларында жоғарғы деңгейге жетеді. Деңгейдің толқу амплитудасы 1,5-2,5 м аралықта ауытқиды.

1.5 Қазіргі жағдайы

Шиелі ауылын сумен қамтамасыз ету бойынша 3 учаскеге бөлінеді. Нөмір 2 учаскеде жеке су жинайтын құрылымдар орналасқан. Су құбыры торабының бұзылуынан су нөмір 2 учаскенің барлық тұрғындарына беріле бермейді. Нөмір 3 учаскеде ауылдың сол территориясын ғана сумен қамтамасыз етуге арналған су жинайтын құрылымдар орналасқан. Нөмір 1 учаскеде су жинайтын құрылымдар орналасқан, олар нөмір 1 учаскенің территориясын жеткілікті мөлшерде сумен қамтамасыз ете алмайды. Нөмір 1 учаскені сумен қамтамасыз етуі жұмыс істеп тұрған ұңғыма арқылы іске асырылады.

Су құбыры торабын тексеруден өткізген сәтте шойын құбырлар техникалық және коррозиялық тозудың нәтижесінде істен шыққан. Су құбыры торабының пластмассалық құбырлардан құралған бөлігі бұзылған. Есепке алу құралдары жоқ. Кейбір жерлерінде су құбырлы тораптан су ағып тұрады. Су құбырлы құдықтар бұзылған және көмілген. Құдықтардың лотоктары жоқ. Запорлы арматура істен шыққан.

Ұңғыма жұмысшы жағдайда тұр, бірақ толығымен қайта құруды талап етеді. Скважинаның сорғышының электрмен қамтылуы ауыл территориясында істеп тұрған КТП – 10/04 арқылы іске асады.

Тексеру нәтежесі бойынша сорғышты басқарудың реттеу аппаратурасы, сондай-ақ сумен қамтамасыз ету бойынша запорлы – реттеу арматурасы жоқ екені бекітілді.

Су тегеурінді мұнараны ауыстыру қажет. Санитарлы қорғау аймағы ҚР ҚН және Е 4.01.02-2001 талаптарына сәйкес келмейді.

Су құбыры тораптың (ахуалы) жағдайы – қанағаттанарлық емес. Тұрғын үйлердің 30 пайыз сумен қамтамасыз етілген.

1.6 Бас жоба

Қызылорда облысы Шиелі елді мекенін сумен қамтамасыз етуін қайта құру нысаны бойынша су жинайтын құрылымдардың бас жобасын жобалау негізінде және топографиялық түсіру негізінде дайындалған.

Бас жоба барлық нормалар мен ережелерге сәйкестеніп орындалған.

Су жинайтын құрылымдар. Шиелі ауылының территориясында (нөмір 1 учаске) орналасқан. Су жинайтын ғимараттың белгіленген учаскесі периметрі бойынша жалпы биіктігі 2,5 м тікенекті шойын сымнан жасалған темір бетонды шарбақпен қоршалған.

Территорияның вертикальды жобалануы негізінен ғимарат астында, территорияның құрылыстан тыс бетіндегі артық топырақты пайдаланып орындалған. Геологиялық мәліметтер бойынша өсімдік қабатының топырағы жоқ. Рельефтің ұйымдастыру жоспарының жобасы және жергілікті қалыптасқан рельефін ескеріп үйлер мен ғимараттардан жер үсті суларын әкету қарастырылады.

Су құбырлы және су жинайтын құрылымдардың территориясында қарастыру қажет:

-ағаштар отырғызу,

-жайылма типті шөптерді егу,

-қиыршықты тасты-күмді табиғи қоспадан беттік жасау,

-Шиелі ауылында (нөмір 1 учаске) су жинаушы құрылымдарға жететін қиыршық тасты жол төсеу.

Жергілікті жердің бас жобасының нұсқауы және техника-экономикалық көрсеткіштер сызбаларда көрсетілген.

Техника - экономикалық көрсеткіштер:

1. учаске ауданы – 3687м² (100 пайыз жалпы ауданға), оның ішінде:

а) құрылыс ауданы – 331м² (6,3 пайыз жалпы ауданға),

б) беттік ауданы – 232м² (6,3 пайыз жалпы ауданға),

в) көгалдандыру ауданы – 3124м^2 (84,7 пайыз жалпы ауданға).

2.учаскеден тыс беттік ауданы – 32м^2 .

Рельефті ұйымдыстыру жоспары үйлер мен ғимараттардың астынан және бетінен жер үсті суларын әкетуін және жобаланған үйлер мен ғимараттардың еденінің белгісінен жоспарланған белгісіне түйісетінін ескеріп орындалған. Жобаланатын территорияның жобаланатын еністіктері талап етілетін шекте ауытқиды.

Территорияларда қалыпты санитарлы - гигиеналық жағдайларды қамтамасыз ету үшін жалпы биіктігі 2,5м тікенекті сымнан тұратын саптамалы темірбетонды шарбақтармен қоршау қарастырылған.

Көлік жүретін қиыршық тасты жолдың ені 3,5м және жолдың шеткі ені бір метрден. Территорияларда ағаштарды отырғызу және бұталы өсімдіктер мен жайылымдық шөптерді егу қарастырылған.

Жобаландырудағы сумен жабдықтау көзінің объекттеріне елді мекеннің қоғамдық ғимараттары, тұрғын үйлері, жатады. Елді мекеннің жоспарлау, даму жобалары екі кезеңге бөлінеді.

1 - ші кезең (жақын арадағы 5 - 10 жылда) яғни ауыл тұрғындары есеп бойынша әр адам басына тиісті 9 м^2 тұрғылықты жермен қамтамасыз етілген кезде.

2 - ші кезең (есеппен, алдағы 10 жылды қамтиды) яғни осы жыл әр адам басына тиісті жер көлемі 12 м^2 қа жеткенде, елді мекендердің барлық құрылыс нысандары аяқталған кезде. Жобаландырылудағы су құбыры құрылыстың болашақ есептік кезеңі, яғни осы жылға дейін құрастырылған. Төменде елді мекенінің есептік тізімі келтірілген.

Келесі формула бойынша орташа тәулікті шығын есептелінді.

$$Q_{opt.may} = \frac{q \cdot N}{1000} = 230 \cdot 5 = 1150\text{м}^3 / \text{тау}, \quad (1)$$

$$Q_{opt.may} = 1.2 \cdot 1150 = 1380\text{м}^3 / \text{тау},$$

$$Q_{opt.may} = 0.8 \cdot 1150 = 920\text{м}^3 / \text{тау},$$

$$K_{саг.мах} = \alpha_{мах} \cdot \beta_{мах} = 1,3 \cdot 1,45 = 1,885,$$

$$K_{саг.мах} = \alpha_{мах} \cdot \beta_{мах} = 0,5 \cdot 0,225 = 0,1125,$$

$$q_{саг.мах} = 108,387\text{м}^3 / \text{саг} \cdot q_{саг} = 4,31\text{м}^3 / \text{саг}.$$

2 Технологиялық бөлім

2.1 Су құбырының желілері

Су таратқыш су сорғыш бекетінен бастап үлестіруші торапқа жалғанғанға дейін екі жолмен орындалады. Және су таратқыштардың бірінде апат болған жағдайларда тәулікіне қажетті су көлемінің жоғары 70 пайызын өткізіп тұруы керек.

Суды жеткізу-сенімділікті қамтамасыз ету талаптарына сәйкес айналмалы схема бойынша жобаландырылған. Ол суды құбыр бойымен түзу және тегіс таратады.

Елді мекеннің су құбырларының құбырлары есептеуші мерзімге жобаландырылған.

2.2 Құбыр материалы

Елді мекеннің су құбырларының желілері МЕСТ 9583-93 бойынша шойын құбырлардан жасалған. Су құбырларын шатын құбырлардан жасау жобаның экономикалық бөлімінде көрсетілген.

2.3 Желінің гидравликалық есепке дайындау

Жоба жасаудың бұл сатысында төмендегідей іс-шаралар өткізілді. Су құбыры бойымен алдын ала дайындық ретінде ағынтаратылу шаралары жүргізілді. Су құбырының 1 м ұзындығы бойымен өтетін су шығынын анықтау, пропорционалды коэффициент көмегімен жол шығынын анықтау, және экономикалық факторларға сүйене отырып су құбырларының диаметрлерін анықтау.

Есептеуге арналған негізгі формулалар:

$$q = \frac{Q}{\sum L} \text{ л/с,} \quad (2)$$

$$Q_{\text{пут}} = q_{\text{уд}} \cdot L_{\text{уч}}, \quad (3)$$

$$Q_{\text{узел}} = \sum Q_{\text{пут}}. \quad (4)$$

2.4 Жол шығынының есебі

Бұл есептеулер үшін сумен қамтамасыз ету кестесі бойынша ең жоғары уақыт алынды. 20-дан 21 сағат = 148,5 м³/сағ немесе 41,25 л/с.

$$q_m = \frac{41,25}{4468} = 0,002 \text{ л/с.} \quad (5)$$

2.5 Экономикалық факторын ескере отырып құбыр диаметрілерін таңдау

Құбыр диаметрлерін су таратқыш пен желілердің экономикалық талаптарын ескере отырып таңдаған дұрыс. Ол барлық құрылыс ғимараттарымен бір кешенде, әсіресе желімен байланысты, ал ең бастысы – су сорғыш бекеттерімен бірге болуы керек.

2.6 Елді мекеннің су құбырлары желісінің гидравликалық есептеулері

Желінің гидравликалық есептеулері тораб учаскесіндегі ағының шығынын есептеу және тораб сақиналарын анықталады. Түзетуші шығынға оның бағытын анықтап тұратын белгі беріледі. Ол участоктың әр бір сақинасындағы су ағынының жоғалтқан соласына қарама-қайшы. Үйлессіздіктің көлемі әр бір сақина үшін 0,5 метрден аспайды, ал жалпы тораб бойынша 1-1,5 метр тез ағын. Есептеулердең алғынған жоғалған ағынның көрсеткіштері су ағыны мұнараларының биіктігі мен су сорғыштардың ағынын анықтау үшін қолданылады. Елді мекен су құбырының торабы өндіріс орындарына кеткен шығынды, ескере отырып сағатына жоғары шығын өткізуге есептелінген. Және ол өрт сөндіру шығынының өткізгіштігіне тексерілді – 155 л/с. Жоғардағы су қабылдағыш жағдайлары, мүлдем қарастырылмады да, өйткені, суды беру суқұбыры торабының басында орналасқан су ағыны мұнарасынан қарастырылған.

Елді мекеннің сақиналы торабының өрт сөндіру кезіндегі суды жоғары тұтынуының гидравликалық есебі кезінде, 9 - 10 ағын бағыты желінің орташа жұмысы кезінде қарама-қарсы өзгереді. Су таратушының 2 - ші көтерілім сусорғыш бекетінен елді мекеннің үлестіруші торабына қосылған нүктесінің есебі. Жобалау нормалары, су таратқыштың бірі істен шыққан кезде екінші су таратқыштың су сорғыш шығынының жоғары 70 пайызын өткізуін талап етеді, яғни $42,25 \cdot 0,7 = 29,6$ л/сек. Бұндай шығынды өткізу үшін

сутаратқыштар диаметрі $d=200$ мм - лік құбырлардан жасалынады. Мұндай құбырлар өрт сөндіру кезіндегі судың жоғары тұтынылуы кезінде тиімді. Үлестіруші торабпен жалғанған нүктеде кішкентай құбырларға, өткелек орнатылады. Немесе тура сондай диаметрлі “катуша” орнатылады да, ал ол өз бетіне ары қарай үлестіруші торабын төмендетілген диаметрлі құбырына өтеді 200×150 .

2.7 Құбырларды жатқызу тереңдігі

ҚНжәнеЕ 4.01-41-2001 сәйкес құбырларды жатқызу тереңдігі нөлдік температурадағы топыраққа есептелген тереңдіктен $0,5$ м - ге көбірек алынады. Алайда ауданның климаттық ерекшеліктерін ескере отырып су құбырларының құрылысы, яғни топырақтың айтарлықтай емес тереңдікте қатуын ($0,8$ м) және жаз мезгілдерінде салыстырмалы жоғары қыздырылғыштығын, сонымен қатар осы аудандағы жұмыс жасап тұрған желілерді қолдану тәжірибесін ескеретін болсақ, су таратуды жатқызу тереңдігі топырақтың қыздырылу талаптарынан алынған. Жобада алдын-ала жүргізілген тематехникалық есептеулер бойынша, құбырларды жатқызудың ең оптималды тереңдігі алынды, ол – $1,6$ м - ге тең.

2.8 Су құбырлары торабының арматуралары мен құдықтары

Елді мекеннің су құбырының тораптары судың жеткізілуін таратып және реттеп отыруға арналған арматуралы құдықтармен жабдықталған. Жөндеу жұмыстару жүріп жатқан учаскелер босатылған жағдайларда су құбырлары тоабына шығарғыштар орнатылады. Ал тоабтың көтеріңкі нүктелеріне ауаны шығару үшін вантуздар орнату қарастырылған. Өрт сөндіру үшін жолдың жүретін бөлігінің бойына өрт сөндіру гидранттары бір - біріне есеп бойынша 150 м - ден аспайтын қашықтықта орналастырылған. Су құбырларының торабы жөндеу учаскелеріне бірінің іштен шыққан кезінде ең көбі 5 гидрант ғана істен шығатындай етіп орнатылған.

2.9 Су ағыны мұнарасының реттегіш көлемін анықтау

Су ағыны мұнарасының реттегіш көлемі сутұтынудың белгілі бір уақыт аралығындағы қалған ең көп су қалдығы арқылы анықталады. 1–көтерімдегі су сорғыш бекетінің бір қалыпты жұмысы кезінде сауыт көлемінің ұлғайғандығы байқалады, ал су сорғыштың текпішекті кезінде азаяды. 2 – көтерілімдегі су сорғыш бактерінің жұмыс графигі сутұтыну

графикіне қаншалықты жақын болған сайын су ағыны мұнарасының реттегіш көлемі соншалық кіші болады.

Кестеден көрініп тұрғандай сауыттағы ең үлкен су көлемі $186,5 \text{ м}^3$ -тен, ол жалпы су тынудың $9,3$ пайыз құрайды. Сонымен қатар су ағыны мұнарасының алымдылығына бір сыртқы және бір ішкі өртті сөндіруге кететін өртке 10 минуттың қарсы су қоры кіреді. Бұл $q_{\text{орт}} = 10+5=15 \text{ м/с}$ құрайды.

Жоғарыдан бір сағат – $148,5 \text{ м}^3 \cdot 15 \cdot 3,6 = 54+148,5 = 202,5 \text{ м}^3$. 10 минуттың су қорын табамыз. $202,5/6=335 \text{ м}^3$

Елді мекеннің қажетті су ағынымен қамтамасыз ету үшін, су сорғыш арқылы су беру мен елді мекеннің су тұтынуы арасында реттеуші сиымдылық, орнату үшін (10 минуттың өрт сөндіруге арналған су қорын сақтау үшін) жоба арқылы сиымдылықты – 300 м^3 - ке тең су құбыры алынған.

2.10 Таза су сақтау қорының сиымдылығын анықтау

Таза су қорының сиымдылығы 3 сағаттағы қол сұғылмайтын өртке қарсы қордан жинақталады, одан 1 - ші көтерімдегі су сорғыштың беріп тұрған суын алып тастаймыз.

$$W_{\text{пож}} = 3Q_{\text{пож}} + \sum Q_{\text{max}} - 3Q. \quad (6)$$

$$Q_{\text{пож}} = (10+5) \cdot 3,6 = 54 \text{ м}^3 / \text{сағ}. \quad (7)$$

$\sum Q_{\text{max}}$ – 3 сағаттық жоғары су тұтынудың жиынтығы.

$$W_{\text{пож}} = 3 \cdot 54 + (115,472 = 115,472 + 148,464) - (72,71 \cdot 3) = 323,278 \text{ м}^3 / \text{тау}. \quad (8)$$

Таза су қорының реттеуші сиымдылығы 1 және 2 көтерім су сорғыштарымен қосалқы жұмыс кестесінен де анықтайды. Кесте сондай-ақ арынды су мұнарасының есептелінбейтін сиымдылығын есептеу үшін де арналған. 1 – көтерім су сорғыш бекеттерінің жұмысы тәуліктің әр сағатында бірқалыпты су тарату үшін есептелсе, 2 – көтерімді су сорғыш бекеттері, текпішекті жұмыс сипаттамасына ие.

1 және 2 көтерім су сорғыш бекеттерінің қосалқы жұмыстарының кестесінен көретініміз, қордағы ең көп қалдық сағатына 7 ден 8 -ге дейінгі аралықты құрайды – $550,15 \text{ м}^3$ қордағы судың керекті көлемінің нәтижелері кестеде келтірілген.

2.11 Арынды су мұнараларының биіктігі мен 2 – көтерімдегі өрт сөндіру су сорғыштарының арынын анықтау

ҚН және Е 4.01-41-2001 ғимараттың қабаттылығына байланысты керекті еркін арынның өлшемін ұсынады. Бір қабатты құрылыс нысандарындағы судың жоғары арын 10 метр, ал қалғандарын әр қосылған қабатқа 4 – метрден қосылып отырады. “А” елді мекендегі құрылыс жобасы екі қабатты ғимараттар қарастырылған. Екінші қабаттық су қабылдағыш арматурадағы еркін орын.

$$H_{ep} = 14 \text{ метр.} \quad (9)$$

Арынды су мұнарасының биіктігі мына формула бойынша есептелінді.

$$H_{c..m} = H_{ep} + \sum h - (Z_{б} - z). \quad (10)$$

$\sum h = 12$ – арынды су мұнарасынан 14-ші шекті нүктеге дейінгі су құбырларындағы жоғалған арын сомасы $(Z_{б} - z) = 10$ метр – арынды су мұнарасының астында жатқан жер бетінің және 14 үстелдік нүктенің белгілерінің саны (296 - 286).

$$(11) \quad 0 \quad H_{c..m} = 14 + 12 - 10 = 16 \text{ см.}$$

Арынды су мұнарасының сауыты түбіне дейінгі биіктік.

Арынды су мұнарасының суытының пораметрлері шамамен алынған формулалар бойынша есептелінді.

$$H_{m.c} = 0,855^2 \sqrt{W_{c.m}} = 0,855^2 \sqrt{220} = 5,16 \approx 5 \text{ м.} \quad (12)$$

$$D = \frac{H}{0,7} = 7,37 \approx 7,4 \text{ м.} \quad (13)$$

Жобаға типтік жоба бойынша 901-55-27 / 70 жасалынған шатырсыз арынды су мұнаралары алынған болаттан жасалған. Сауыт пен кірпіштен қаланған биіктігі 18 метр болатын жасалған.

2-көтерім арынды су мұнараларының шығаратын арынын, үй шаруашылықтар мен ауыз су топтарының су сорғыштары үшін мына формулалармен анықтауға болады.

$$H = h_{w.bc} + H_{г} + H_{б} - H_{p} + h_{w.H} = 2,5 + (296,0 - 300,46) + 18 + 5 + 5 = 26,04 \text{ м.} \quad (14)$$

Өрт сөндіру топтары үшін:

$$H_{\text{opt}} = H_r + h_{w,BC} + h_{w,H} + H_{\text{ep}} \quad (15)$$

2.12 Сорғыш бекеті

1 және 2 көтеру сорғыш бекеттерінің бірігіп істелінген жұмыстарының кестесіне сүйене отырып, 2 көтеру сорғыш бекетіне бірнеше жұмыс және қорлы агрегаттарды таңдап аламыз. 2 көтеру сусорғыш бекетіне 6 сорғыш таңдап алынды. Сорғыш бекетінің сорғыш-күш жабдықтарының тізбесін мәтіннің төменгі жағында көрсетілген кестеден көре аласыңдар. Бұл сорғыш бекеті тұтынушыларды сумен қамтамасыз етудің сенімділігі жағынан 1 – категорияға жатады. Сорғыш – күш жабдықтарының орналасуы, құбырдың, арматуралардың сипаттамаларын, бөлшектердің үлгілерін жұмыс сызбасынан көр.

2.13 Су қабылдағыш құрылыстар

Бұл жобада нақты жағдайларда жоба бойынша, құбырлы құдықта батырылып электрқозғалыштармен жабдықталған құмыр сорғыш және жер асты клориялары алынған. Құмырлар және сәйкесінше сусорғыштар саны – 2 (соның ішінде бір сақтық қоры.) Әр құмырдың өндіргіштігі 75,0 м³/л немесе 20,8 л/с. Су құрамы хлорид – сульфатты, натрийлі, миниралдануы – 80г/л.

Бірінші көтергіш сорғыш бекетінде суды ОВ-50 бактерицидтік қондырғысында зарасыздандыру қарастырылуда. (Жер асты повилионында).

Су қабылдағыштың сенімділік жұмысын арттыру үшін қоймада сақтаулы тұрған резервті 2-ЭЦВ10-63-150, сорғыш алу қарастырылуда.

2.14 Тікөзектегі су қабылдағыштың төмендеу есебі

Жобадағы қолданысқа арналған нөмір 1 тікөзек, арынды су қабаттарының табиғи шекарасынан алыс жағдайларға орналасқан қабаттар. Шекара сыртындағы “ шексіз қабаттар” қолданылады. Тікөзектегі су деңгейінің тұрақты дебитпен төмендеуі, оның жетілмегендігімен қоса төмендегі формуламен анықталады:

$$S = \frac{Q}{2\pi km} \left[\frac{R_{np} + \zeta}{z_0} \right] \quad (16)$$

мұндағы Q – тікөзек дебиты, м³/тәулік (1745).

km – сүеткізгіштік коэффициенті, $m^2/тәулік$ (94,4).

R_{np} – әсер ету радиусы, мына формула бойынша анықталады:

$$R_{np} = 15\sqrt{at}. \quad (17)$$

мұндағы a – өткізгіштік коэффициенті, $m^2/тәулік$.

t – су қабылдауды қолдану есептелінген уақыты, тәулік (10000).

z_0 – тікөзек радиусы, м (0.1).

ζ – тікөзектің жетілмегендегі сүзгіш кедергісінің мөлшері, нөмір 3.1 кесте бойынша анықталады.

Сүзгіштің ұзындығы $v_0=30$ м бойында, су сорғыш деңгейінің қуаты $m=57$ м.

$$\frac{I_0}{m} = 0,5 ; \quad \frac{m}{z_0} = 570 ; \quad \zeta = 9,9. \quad (18)$$

Су өткізгіштік коэффициентінің маңыздылығы гидравликалық экспедициясының материалдарынан алынған.

a және t өлшемдерін әсер ету формуласына қойып мынаны алдық.

$$R_{np} = 1,5\sqrt{1 \cdot 10^5 \cdot 10^5 \cdot 10000} = 47430m. \quad (19)$$

Сонда

$$S = \frac{1745}{2 \cdot 3.14 \cdot 94.4} \left[\frac{47430}{0.1} + 9.9 \right] = 1.17 \cdot 22.97 = 27m. \quad (20)$$

Статистикалық деңгей 73 м болған кезде, динамикалық деңгей 100 м құрайды. Тікөзектегі су көтергіштіктің жұмыс мерзімі шамамен 4-5 жыл болғандықтан, алдыңғы бес жылдың төмендеуін есептеудің орнына қолдану үшін одан да эканомды сорғыш таңдаған жөн. Есептеу формуласымен параметрлердің мәні сүеткізгіштің қолданылу мерзімінің соңындағы төмендеуді есептегендей, яғни $t=2000$ тәулік (5 жыл). Осы мәліметтер бойынша есептелген көлемдері 26 м-ге тең, бұл кезде динамикалық деңгей 99м-ге тең болады.

Тікөзектің қолдану мерзімі 5 және 27 жылға есептелген кездегі төмендеу мөлшері онша үлкен болмағандықтан, қолданыстың барлық мерзіміне бір 2-ЭЦВ10-63-150 маркадағы су көтеруді таңдаймыз.

2.15 Барлау – қолданыстағы тікөзектердің құрылымы және өндіріс жұмысының методикасы

Жобадағы нөмір 1 барлау – қолданыстағы тікөзектің геолого-техникалық қимасы. Нөмір 1935 тіректі тікөзектің қимасының негізі ретінде құрастырылған. Тіректі тікөзектің қимасының және тексеру интервалдарының мәліметтері бойынша жобаландырудағы тікөзек тереңдігі 420 метрге тең. Тікөзекті бұрғылау роторды тәсіл бойынша орындалады.

